

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 1 сәуірдегі N 314 қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 21 қарашадағы N 1162 қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2004.04.30. N 495 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Штат санының лимиттерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 1 сәуірдегі N 314 қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

1) көрсетілген қаулымен бекітілген министрліктердің, агенттіктердің және ведомстволардың қызметкерлері штат санының лимиттерінде:

реттік нөмірі 5-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"5 Қазақстан Республикасының Мәдениет министрлігіне 99
оның ішінде:

Мұрағаттар мен құжаттаманы басқару жөніндегі комитетіне 15";

мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 24-жолмен толықтырылсын:

"24 Қазақстан Республикасының Ақпарат министрлігі 98";

2) көрсетілген қаулымен бекітілген министрліктердің, агенттіктердің және ведомстволардың аумақтық органдарының қызметкерлері штат санының лимиттерінде:

"Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі 224" деген реттік нөмірі 3-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"3 Қазақстан Республикасының Ақпарат министрлігі 224".

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі